



Г.Т. Ысқақ¹, О.С. Сангилбаев¹

¹Тұран университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ospan_seidulla@mail.ru)

Әскери қызметшілердің іс-әрекеті мен тұлғалық қасиеттері туралы

Мақалада әскери қызметшілердің тұлғалық қасиеттердің ерекшеліктері қарастырылған. Кез-келген мамандық үшін адамның сол қызмет түріне кәсіби жарамдылығына мән берген жөн. Қарулы күштер және әскери құрылымдар қоғам мен мемлекеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Автор мақалада қарастырылатын тұлға және іс-әрекет психологиясы әскери қызметшілердің әрбір әрекетінде көрініс табатынын жеткізеді. Әскерде жауынгерлік мүмкіндіктерінің маңызды элементі-әскери қызметшілердің жоғары моральдық-психологиялық жағдайы екенін көрсетеді. Моральдық жағдай адамдағы, жойқын бомба мен ауыр танкке қарағанда ең күшті қару. Жоғары моральдық жағдай – бұл жеңілісті жеңіске айналдыратын құрал деп те айтуға болады. Моральдық-психологиялық жағдай – бұл психологиялық мүмкіндіктердің жиынтығы, жауынгерлік жағдайда белсенді және жанқиярлық әрекеттерге әр әскери қызметшінің психикасының жұмылдыру дәрежесі мен көңіл-күйі екені рас. Ізденуші сарбаздардың жауынгерлік рухын нығайтудың маңызды факторы, олардың қазіргі заманғы күшті стресстерге психикалық тұрақтылығын қалыптастыруға бағыттаудың жолдарын, әдіснамасын ұсынады. Әскери қызметшілердің жауынгерлік міндеттерін тиімді шешуде алдымен психологиялық дайындығы маңызды рөл атқаратынын дәйектейді.

Кілт сөздер: тұлға, психикалық қасиет, іс-әрекет, темперамент, мінез, қабілет, стресске төзімділік, психологиялық төзімділік, психологиялық дайындық.

Kipicne

Әскери қызмет адам іс-әрекетінің ерекше жағдайлармен байланысты жоғары әлеуметтік мәнге ие. Отандық Қарулы Күштер қорғанысы қай кезде де әрбір азаматтың міндеті мен Отан алдындағы борышы. Оған қоса әскер әрқашан қоғамның бір бөлігі ретінде қарастырылған, сондықтан одан қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси үрдістердің бейнесін табуға болады, сондай-ақ халықаралық орнықтылық заңдылықтары да өз керінісін тапқан.

XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында мемлекеттер арасындағы халықаралық терроризмнің күшеюінің арқасында пайда болған мәселелермен байланысты бірқатар әскери келіспеушілік ошақтарының болуымен сипатталады.

XXI ғасыр жаңашылдыққа бет бұрған қуатты армияны қажет етеді сондықтан, әскери-кәсіптік іс-әрекет өзінің әлеуметтік мәнділігінің жоғары



сатысында болмақ. Сонда бұл іс-әрекеттің ерекшеліктері қандай? Мұның көптеген құрамдас бөліктерін ерекшелеуге болады. Бұның екі негізгі түрі бар: соғыс жағдайындағы іс-әрекет (жауынгерлік) және қалыпты (бейбіт) жағдайдағы іс-әрекет. Жауынгерлік іс-әрекет – қарулы күрес мақсаттарына қол жеткізуге деген әскери қызметшілердің белсенділігі. Атап айтсақ, жауынгерлік іс-әрекет өзінің мақсаттары мен мәселелері, шарттары, құралдары, қиындықтары, психологиялық мазмұны бойынша өзіне тән ерекшелігі бар. Оның өзіндік іске асырылуына психологиялық заңдылықтары, белгілі бір ішкі құрылымы, мақсаты, түрткілері, әдіс-тәсілдері арқылы оның бірқатар факторлар әсер етеді: әскери-саяси, әскери-технологиялық, идеологиялық және психологиялық, қару түрі, ұжым жетекшілігі, соғыста берілетін тәрбиелік жұмыс, жеке құрамның жауынгерлік және психологиялық дайындығы.

Зерттеу әдістері

Мақаланы зерттеу барысында жинақтау, өңдеу, анализ, синтез тәрізді психологияның ғылыми әдістері, тақырыпты зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздемесінде қазіргі заманғы әскери педагогика және психологиялық зерттеулердің іргелі тұжырымдарын басшылыққа алынды. Әскери психология саласы бойынша әскери қызметшілердің психологиялық ерекшеліктерін тереңірек ашуда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау әдісіне жүгінді.

Негізгі бөлім

Психологиялық мазмұнға және жауынгерлік іс-әрекеттің құрылымына таңба басатын өмірге қауіп төну, құндылықтардың жойылуы, алып қиратылу, адамдар мен техникадан айырылу, әртекті айырылу мен қолайсыздықтарымен байланысты күрделі мәселелер шешімі болып табылады. Жауынгерлік іс-әрекет дербес жағдай болып табылмайды. Егер жауынгерлік әрекеттердің басталуының түрткілерін мемлекет дәрежесінде айтатын болсақ, онда мұндағы негізгі себеп – елдің бірлігі мен тұтастығына шынайы қауіп тууы. Жауынгерлік әрекеттерді жүргізу нақты адамдар (әскери қызметшілер) жағынан белгілі бір белсенділік танытуды талап етеді. Сонымен қатар адамдардың соғыс жағдайындағы іс-әрекеті (әскери қызметшілердің жауынгерлік іс-әрекеті) өзіндік қозғаушы түрткілеріне ие, олардың қатарына: қажеттілік, сезім, тілек, ұмтылыс, қызығушылық, идеалдары, сенімдері т.б. жатады.

Әскери қызметшілердің жауынгерлік іс-әрекетінің маңызды әлеуметтік түрткісі – өз Отанын, жанұясын, жақындарын қорғау. Дәл осы түрткі Ұлы Отан соғысы жылдары мыңдаған адамдарды ортақ жеңіске жету жолында өз-өзін құрбан етуге дейін апарған. Бұл түрткі әлеуметтік сипатқа ие: ол адамда туа



бітеді, оның тәрбиеленуі мен әлеуметтік даму үрдісінде қалыптасады, түрлі қылықтарынан көрініс табады, көзқарастары мен ұстанымдарында бейнеленеді. Сондықтан әрбір офицердің міндеті – қоластындағылардың патриоттық сезімдерін ояту, Отан қорғанысына әрдайым дайындықты қалыптастыру [1].

Әскери қызметшілердің тұлғалық қасиеттері оның батыр немесе жасқаншақ болуының басты шарттарының бірі болып табылады. Ең күшті сыртқы әлеуметтік әсерлер де ішкі, жеке жағдайлар арқылы да күйзеліске ұшырайды. Сонымен қатар, жауынгерлік іс-әрекеттің психологиялық ерекшеліктері, оның мақсаттары, мотивтері, жауынгерлік міндеттерді шешу әдістері және т. б. әскери қызмет етушінің жеке басының көрінісіне айтарлықтай түзетуші әсер етуі мүмкін.

Тұлға – бұл индивидтің заттық іс-әрекетте және қарым-қатынаста игерілген, қоғамдық қатынастардағы деңгейін сипаттайтын жүйелі әлеуметтік қасиет.

Жауынгерлік іс-әрекет қарсыласуды тоқтату үшін жауға қарсы қарулы күш арқылы жүзеге асыру жолымен мақсаттарына қол жеткізу процесі, ұрыс (жауынгерлік міндеттерді орындау) жағдайында орын алатын әскери қызмет түрі. Жауынгерлік іс-әрекет қарсыласпен ең экстремалды және өткір форма жағдайында күресудің күрделі түрі.

Мамандар ұрыста аман қалу үшін оған бейімделу қажет деп санайды. Бейімделу үшін «өркениет баспалдағымен төмен түсу» керек. Әлеуметтік рұқсат етілген мінез-құлық пен өмірдің құндылығы туралы бұрынғы идеяны өзгерту керек, сезімталдықты басып агрессивті және қатал бола білу керек. Дегенмен ұрыс тәжірибесі тек қайғылы жағдайлармен қиын бастан кешірулерден ғана тұрып, ал ұрыс әрекеттерінің меңгерген қасиеттері психикалық бұзылыстармен ғана шектеліп қоймайды. Соғыста қиын, ауыр оқиғалар ғана емес, сонымен бірге күш, батылдық, өзіне деген сенімділікті күшейткен оқиғалар да болды. Өлім қаупімен кездесу, қорқынышты жеңу, қиын жағдайда өзара қолдау – осындай сынақтардың барлығында мінез шындалды.

Ұрыс әрекеттеріне қатысу әскери қызметшінің тұлғасына жағымды әсерін тигізеді. Кейбірінде жаңа дүниелер туындайды атап айтсақ, әлемді неғұрлым айқын анық көре бастау, құндылықтар мен бақылаудың айрықша жүйесі, өтірікке, жалғандыққа деген ерекше сезімталдықты ашады. Жауынгерлік іс-әрекеттерге қатысу – бұл риясыз достық, өзара көмек, қорқынышты жеңу, өзін жеңу, бұрын мүмкін емес болып көрінген нәрсеге қол жеткізу тәжірибесі.

Жауынгерлік іс-әрекетке қатысқандардың кейбіреулері ерекше психологиялық тәжірибе – өмірлік энергияның күшті толқынында, өз күшін сезіну, сезімдердің шарықтау шыңында көрінетін «гипершынайылық» сезімдері туралы айтады.

А.М. Столяренко ұрыс әрекеттеріне қатысушылардың көпшілігінде болып жатқан оң өзгерістерді атап көрсетеді.



Ұрыс әрекеттеріне қатысудан қалыптасқан жағымды салдарды атап өтуге болады.

1. Дағдыларды, тәжірибені, кәсібилікті арттыру. Ұрыс әлеуметтік уақытты тездетеді. Адам оған өмірлік маңызды дағдыларды қысқа мерзімде үйренеді. Ол кез-келген мамандық үшін тәртіп, ұйымшылдық, жауапкершілік, алдын-ала ойлану, қырағылық, келісілген ұжымдық іс-әрекетке қабілеттілік сияқты маңызды қасиеттерге ие болады. Бұл ұрыс қимылдарына қатысушылардың әлеуметтік жұмысының сәттілігіне ықпал етеді.

2. Адамның тұлғалық өсуі мен өзін-өзі жүзеге асыруы өзін-өзі бағалауды, өзін-өзі бағалауды, өз қабілеттеріне деген сенімділікті, өзін-өзі басқара білуді арттыруда көрінеді. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушылардың ерік-жігері шыңдалады, батылдық, интеллектуалдық қасиеттер дамиды. Тәжірибелі қиындықтардың әсерінен құндылықтарды қайта бағалау, өмірдің жаңа басымдықтарын қалыптастыру жиі кездеседі, бұл адамды белсенді етеді.

3. Физикалық денсаулық пен күшті нығайту. Ұрысқа қатысушылардың көпшілігі одан физикалық тұрғыдан дамыған, төзімді, ауруларға бой алдыра бермейтіндей дамиды.

4. Ардагерлерге құрметпен қарауды, олардың еңбегін мойындауды білдіретін адамның әлеуметтік мәртебесін арттыру [2].

Қазіргі таңда да жастар арасында ұрыс жағдайы емес әскерге барып отан алында борышын өтеу мәселесі де маңызды. Ер азаматтар үшін бұл үлкен жетістік, олардың ер адамға тән іс-әрекеті деп санайтыны рас. Бұл жастардың бойындағы Отанға деген мықты көзқарастардың қалыптасуына алып келетін жәйт десек те артық айтпаймыз.

Кейбір ұрыс іс-әрекеттеріне қатысушылар мемлекеттік және саяси иерархиядағы маңызды лауазымдарға қол жеткізіп, белгілі саяси қайраткерлерге айналып жатқандары да бар. Көптеген соғыс ардагерлері өздерінің маңызды кездерін өнімді өткізген уақыт деп санауы да кездейсоқ емес.

Сарбаздардың жауынгерлік іс-әрекетінің тиімділігін анықтайтын маңызды жеке қасиеттер – бұл ұрысқа психологиялық дайындық және ұрыс жағдайының стресс факторларына психологиялық төзімділік.

П.А. Корчемныйдың пікірінше, жауынгердің бұл екі қасиеті де сол бір элементтерден тұрады:

1) когнитивті (жекпе-жек бейнесінің дәлдігі) білімі: қандай қарсылас (оның тактикасымен, айла-амалдарымен, жеке және топтық психологияның күшті және әлсіз жақтарымен), қашан, қандай тәсілмен, жауды жою қандай құралдармен, қандай өзара әрекеттесуді ұйымдастырумен тиімдірек;

2) мотивациялық (инстинкттер, жауынгерлік ұстаным-бағдарлар, мотивтер);

3) эмоционалды (жауынгерлік көңіл-күй, белсенділік, жауынгерлердің әлауқаты);



4) операциялық (қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы шебер меңгеру). Біздің ойымызша, оларға мыналарды қосу қажет;

5) күресу стратегиялары;

6) әскери қызмететушілердің өзара психологиялық қолдау көрсету қабілеті;

7) әскери қызмететушілердің эмоционалды-ерікті өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеруі [2, 37 б.].

Адамның стресстік реакциялардың әртүрлі формаларының пайда болуына төзімділігі ең алдымен жеке тұлғаның қасиеттерімен ерекшеліктерімен анықталады. Шартты түрде адамдардың екі түрі бар: А-стресске бейім адамдар, В-стресске төзімді адамдар. А типінің өкілдерінде көбінесе бәсекелестікке бейімділік, мақсатқа жетуге деген ұмтылыс, агрессивтілік, шыдамсыздық, мазасыздық, гиперактивтілік, экспрессивті сөйлеу, бет бұлшықеттерінің тұрақты кернеуі, уақыттың тұрақты жетіспеушілігі және белсенділіктің жоғарылауы байқалады. Бұл үшін денсаулықты жоғалтуға дейін барады, әрине бұл көбінесе жас кезінде. В типі-бұлар өмірге оңай қарайтын, тыныш, дағдарыстық жағдайларда қайғыруға берілмейтін адамдар. Адамдарда осы екі түрдің ерекшеліктері белгілі бір дәрежеде бар [3].

Тұлғаның психологиялық тұрақтылығын тұлғаның жеке қасиеттері мен қабілеттердің синтезі ретінде қарастыруға болады.

Жауынгерлік іс-әрекетті зерттеу әскери психологияда ұзақ жылдар бойына жалғасын тапты және ол көптеген ғылымдар саласындағы ғалымдардың әдіснамалық бағытына байланысты болды.

Кез-келген іс-әрекет адам психикасына оның динамикалық ерекшелігіне қоятын талаптары бар екенін білеміз атап айтсақ тұлғалық қасиет темпераменттің іс-әрекетке тигізер әсер көп. Яғни тұлғаны белгілі бір іс-әрекет түріне бейім немесе бейімсіз деп тануға мүмкіндік береді. Мысалы белгілі бір сипатпен суреттейтін болсақ холерик типіндегі адамдар қауіпті қызмет түріне бейім («жауынгерлер»), сангвиниктер-ұйымдасқан қызмет үшін («саясаткерлер»), меланхоликтер-ғылым мен өнердегі шығармашыл іс-әрекеттер үшін («ойшылдар»), флегматиктер-жоспарлы және жемісті қызмет («жасаушылар»). Егер нақты әскери қызметтің түрлеріне келер болсақ, соның ішінде жауынгер-ұшқыштар үшін жайбасарлық, инерттілік, жүйке жүйесінің әлсіздігі мүлдем болмайды, әрине жалпы флегматик және меланхолик типіндегі адамдар мұндай қызметке психологиялық тұрғыдан жарамсыз.

Іс-әрекеттің талаптарына темпераменттің бейімделуінің төрт жолы бар.

Бірінші жолы-қызмет түрі талап ететін қасиеттер бойынша кәсіби таңдау жасау. Бұл жол жеке тұлғаның қасиеттеріне жоғары талаптар қоятын кәсіптерде іріктеу кезінде ғана жүзеге асырылады.

Екінші жолы – бұл адамға қойылатын талаптардың жағдайлардың және жұмыс әдістерінің даралануы (жеке көзқарас).



Үшінші жол – бұл іс-әрекетке оң көзқарас пен тиісті мотивтерді қалыптастыру арқылы темпераменттің теріс әсерін жеңуден тұрады.

Төртінші жол – негізгі және әмбебап, темпераментті қызмет талаптарына бейімдеу жолы оның жеке стилін қалыптастыру.

Психикалық қасиеттердің ішінде темперамент ол адамның жүйке жүйесінің негізінде қалыптасатындықтан оны өзгерту мүмкін емес, дегенмен мінезді өзгерту арқылы темпераментті қоршаған ортаға немесе белгілі бір іс-әрекетке қарай тәрбиелеуге болады.

Тұлғалық қасиеттердің келесі түрі әрбір адам басқалардан өзінің жеке даралығымен ерекшеленеді. Мінез әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктер жиынтығы. Психологияда «мінез» түсінігі-адамның іс-әрекеті мен жүріс-тұрыс формасында көрінетін жеке-дара психикалық қасиеттердің жиынтығы. Мінездің қасиеттері мен ерекшеліктері әркімде әрқилы жағдайда байқалып, адамның сол жағдайларға қатынасын білдіреді. Мінез – адамның әлеуметтік мінез-құлқының ерекшелігі, ол әлеуметтік топтағы адамдардың жүктелген істі орындау барысында, тұлғаралық қарым-қатынаста көрініп отырады. Адам мінездерінің көріністері әрбір жеке жағдайда оның оқиғаларға қатысуынан аңғарылады. Адамның іс-әрекеті сол іске деген қатынасымен қатар, ерік жігеріне, көңіл-күйін, эмоциясын, ерік-жігер қасиеттерінің ерекшеліктерін айқын аңғартады.

Мінездің қалыптасуы мен даму деңгейлеріне және ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі топтарда өтеді (отбасы, достық орта, сынып, спорт командалары, еңбек ұжымы т.б.). Әр топтың өз құндылық ерекшеліктеріне байланысты мінез қырлары да дамиды. Мінез қыры дегеніміз - адамның белгілі бір жағдайдағы мінез-құлқын анықтайтын психикалық қасиет. Мінез қырларының көптеген топтастыруы бар. Психологиялық әдебиеттерде көбінесе екі бағыр кездеседі. Біріншісі мінез қырларын психикалық процестермен байланыстырып, ерікті, эмоциялық, интеллектуалдық қырларды бөліп қарастырған. Мінездің ерікті қырларына: табандылық, батылдық, қайсарлық, өжеттік, сабырлылық, байсалдылық, дербестік, белсенділік, ұйымшылдық кіреді. Эмоциялық қырларына: екпінділік, әсерленгеншік, қызбалық, инерттілік, байыпсыздық, қайырымдылық қасиеттері енеді. Ал интеллектуалдық қырларға терең ойшылдық, тапқырлық, зеректік, құмарлық, әуестік жатады.

Екіншісі мінез қарларын тұлға бағытына байланысты қарастырады. Тұлға бағдарының мазмұны адамдарға, іс-әрекетке, қоршаған әлемге және өзіне қатынасы кезінде көрінеді. Тұлғаның бағдары адамның өмірлік мақсатын, жоспарын, оның өмірлік белсенділігінің деңгейін анықтайды.

Мінез адамның өзі таңдаған іс-әрекетінен байқалады. Кейбір адамдар іс-әрекеттің аса күрделі түрлерімен айналысуды қалайды, олар үшін кедергілерді жеңу жолдарын іздеу, түрлі амалдарды табу қызықты болады. Ал кейбіреулер іс-әрекеттің ешбір кедергісіз оңай түрін қалайды. Кейбір кісілер үшін нәтижеге



қандай жол арқылы жеткеннен гөрі басқа адамдарды басып озу басты мәселе болса, өзгелер үшін әйтеуір жұмысты бітірдік деген ой өте маңызды. Мінездің темпераменттен бір айырмашылығы-ол тек жүйке жүйесінің қасиеттеріне ғана емес, адам мәдениеті мен тәрбиесіне де байланысты. Адам мінезі әртүрлі стимулдар мен түрлі оқиғаларға кездейсоқ жауап беру ерекшеліктерімен анықталмайды, оның негізгі әрекеттерін айқындаушы болады. Мінезді адамның әрекеті әрдайым саналы, жауапты және ойланған түрде өтеді. Мінезді адам сыртқы жағдайға қарамасатан дербес, өзінің ерік-жігері мен белсенділігін көрсетеді, кез келген жағдайда өзін ұстай алады. Ал мінезсіз адам іс-әрекет пен қарым-қатынаста сыртқы жағдайларға бағынып, тәуелділікте жүреді. Адам мінезіне кіретін жеке тұлға ерекшеліктері:

1. Іс-әрекеттің мақсатын таңдауда адамдардың әрекеттерін айқындайтын жеке тұлға қасиеттері.

2. Алға қойған мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттер.

3. Темпераментпен байланысты инструменталды бітістер.

Осы бітістердің барлығы бір адамның бойына жиналып, ол белгілі бір типке жатқызылады. Осыған байланысты көптеген ғалым мінез мәселесімен айналысты. Атап айтар болсақ, неміс психиатры: Э.Кречмер, У. Шелдон, А. Личко, К. Лоенгард, және т.б.

Адам мінезінің өзгеріп отыруына әлеуметтік жағдай үнемі ықпалы етіп, оның жаңа сапаларын қалыптастырып отыратындығы ғылыми тұрғыдан анықталған тарихи шындық және объективті фактор екендігі еш дау тудырмайды.

Қабілет – бұл қызметте, қарым-қатынаста және оларды игерудің жеңілдігін қамтамасыз ететін жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері. Қабілеттерді адам бойындағы білімге, дағдыларға және біліктілікке жатқызуға болмайды, қабілеттер оларды тез игеруді, бекітуді және практикада тиімді қолдануды қамтамасыз етеді. Қабілеттерді төмендегіше жіктеуге болады:

- туа біткен бейімділіктермен байланысты биологиялық тұрғыдан негізделген табиғи (немесе жалпы) қабілеттер;
- әлеуметтік-тарихи шығу тегі бар және әлеуметтік ортада өмір мен дамуды қамтамасыз ететін арнайы қабілеттер;

Жалпы қабілетке сан түрлі әрекет негізінде адамның табысын анықтайтындар жатады. Мысалы, аталмыш категорияға қол қозғалысындағы талғампаздық пен дәлдік, есте сақтау, сөйлеу және басқа да ойлау қабілеттері жатады.

Арнайы қабілет ерекше көрінетін қажетті бейімділіктерді жүзеге асыруға және дамытуға арналған. Адамның қол жеткізген жетістіктері арнайы әрекеттер түрінде анықтайтындармен жобаланып түсіндіріледі. Ондай қабілеттерге музыкалық, математикалық, лингвистикалық, техникалық, әдеби, көркем-шығармашылық, спорттық қабілет түрлерін жатқызуға болады. Адамдарда

жалпы қабілеттің болуы арнайы қабілеттің дамуын жоққа шығармайтынын ескеруіміз керек [4].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, офицердің әскери кәсіптік іс-әрекеті көпқырлы және көп аспектілі, сондықтанда оның кәсіби дайындық деңгейі мен тұлғалық қасиеттеріне қатаң талаптар қойылатыны сөзсіз. Жауынгерлік, психологиялық дайындықта сарбаздарда қажетті жауынгерлік қасиеттерді қалыптастыру құралын мына формуладан көруге болады: «жаттығуда қиын, соғыста оңай!». Дәл осы жерде бағынушыларды құрметтеудің негізі, адам өмірінің құндылығын шынайы бағалау жатыр, соғыс кезінде өзара түсіністіктің, бастық пен бағынушылар арасындағы жеке қатынастардың негізі қаланады. Әрине қандай жағдай болса да бейбіт өмірде болсын, ұрыс жағдайында болсын жалпы адамзаттың іс-әрекетінде, қызметінде оның тұлғалық ерекшеліктері айтарлықтай із қалдырады. Қазіргі таңда әскери салада дәл осы тұсты атап айтсақ тұлғаның психологиялық ерекшелігін ескеру маңызды деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сақтағанов Б.К. Әскери психология. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 352 б.
2. Караяни А.Г., Сыромятников И.В. Военная психология: учебник для специалистов психологической работы ВС РФ. – М.: ВУ, 2016. – 500 с.
3. Хрестоматия по военной психологии / сост. Кадыров Р.В. – М.: ТОВМИ, 2008. – 260 с.
4. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 30 б.

Ыскак Г.Т., Сангилбаев О.С.

Деятельности личностные качества военнослужащих

В статье рассмотрены особенности личностных качеств военнослужащих. Вооруженные силы являются составной частью общества и государства, поэтому рассматриваемые в статье личность и психология действий находят отражение в каждом действии военнослужащих. Важнейшим элементом боевых возможностей армии является высокое морально-психологическое состояние военнослужащих. Хорошо известно, что «моральное состояние самое могущественное оружие, известное человеку; более могущественное, чем самый тяжелый танк, чем самая разрушительная бомба. Высокое моральное состояние – это средство, способное превратить поражение в победу.

Морально-психологическое состояние представляет собой совокупность психологических возможностей, степень мобилизованности и настроенности психики каждого военнослужащего на активные и самоотверженные действия в боевой обстановке. Важнейшим фактором формирования и укрепления боевого духа воинов является научно обоснованная психологическая работа с военнослужащими, направленная на формирование у



них психической устойчивости к мощным стрессорам современного боя и их психологической готовности к эффективному решению боевых задач в соответствии со штатным предназначением.

Ключевые слова: личность, психические качества, деятельность, темперамент, характер, способности, стрессоустойчивость, психологическая устойчивость, психологическая готовность.

G.T. Yskak, O.S. Sangilbayev

Activities and personal qualities of military personnel

The article discusses the features of the personal qualities of military personnel. For any profession, it is important to pay attention to the professional suitability of a person for the same type of activity. The armed forces are an integral part of society and the state, therefore, the personality and psychology of actions considered in the article are reflected in every action of military personnel. The most important element of the combat capabilities of the army is the high moral and psychological state of military personnel. It is well known that "morale... is the most powerful weapon known to man; more powerful than the heaviest tank, than the most destructive bomb. High morale is a means that can turn defeat into victory.

The moral and psychological state is a combination of psychological capabilities, the degree of mobilization and mental attitude of each serviceman for active and selfless actions in a combat situation. The most important factor in the formation and strengthening of the fighting spirit of soldiers is scientifically based psychological work with military personnel aimed at forming their mental resistance to the powerful stressors of modern combat and their psychological readiness to effectively solve combat tasks in accordance with their regular purpose.

Keywords: personality, mental qualities, activity, temperament, character, abilities, stress resistance, psychological stability, psychological readiness.

References:

1. Saktaganov, B.K. (2012). Askeri psychology [military psychology]. – Almaty: Publishing House «Ulke». – 352 p.
2. Karayani, A.G., Syromyatnikov, I.V. (2016). Voennaya psihologiya ushebnik dlya spetsialistov psihologisheckaya rabotiy BS RF. [Voennaya psychology: teacher for specialists in psychological work of the Russian Federation]. – M.: VU. – 500 p.
3. (2008). Hrestomatyia po voennoy psichology [Anthology on the history of psychology]. / sost. Kadyrov, R.V. – M.: Vo TOVMI. – 260 p.
4. Zhakupov, S.M. (2021). Zhalpy psihologiaga kirispe [Introduction to general psychology]. - Almaty: Kazakh University. – 300 p.

Ысқақ Гүлнұр Түлебайқызы	психология магистрі, 2 курс докторанты, Тұран университеті, Алматы, Қазақстан
Ысқақ Гүлнұр Тулебаевна	магистр психологии, докторант 2-го курса, университет Тұран, Алматы, Казахстан



Iskak Gulnur	master of psychology, 2 nd year doctoral student, Turan University, Almaty, Kazakhstan
Сангилбаев Оспан Сейдоллаевич	п.ф.д., профессор, Тұран университеті, Алматы, Қазақстан
Сангилбаев Оспан Сейдуллаевич	д.п.с.н., профессор, университет Туран, Алматы, Қазақстан
Sangilbaeva Ospan	doctor of psychological sciences, professor, Turan University, Almaty, Kazakhstan